

## 2009 жылға арналған қалалық бюджет туралы

Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2008 жылғы 15 желтоқсандағы N 13/89 шешімі. Жаңаөзен қаласының Әділет департаментінде 2008 жылғы 26 желтоқсанда N 11-2-95 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңына және Әділет департаментінде 2008 жылғы 12 желтоқсандағы 2034-нөмірімен тіркелген «2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы» Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 10/116 шешіміне сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1.2009 жылға арналған қалалық бюджет 1- қосымшаға сәйкес мынадай көлемде б е к і т і л с і н :

- 1) кірістер – 7 929 583 мың теңге, оның ішінде:
    - салықтық түсімдер бойынша – 4 700 125 мың теңге;
    - салықтық емес түсімдер бойынша – 32 440 мың теңге;
    - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 156 203 мың теңге;
    - трансферттер түсімдері бойынша – 3 040 815 мың теңге.
  - 2) шығындар – 7 868 883 мың теңге;
  - 3) таза бюджеттік кредит беру – 0 теңге;
  - 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 267 100 теңге,
- о н ы ң і ш і н д е :
- қаржы активтерін сатып алу 267 100 теңге;
  - 5) бюджет тапшылығы - 206 400 теңге;
  - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 206 400 теңге

*Ескерту: 1 тармаққа өзгертулер енгізілді - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2009 жылғы 10 ақпандағы N 15/100 шешімімен, өзгертулер енгізілді - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 16/107 шешімімен;*

2. 2009 жылға кірістерді бөлу нормативтері мынадай көлемде белгіленсін:
- 1) Төлем көзінен ұсталатын кірістен алынатын жеке табыс салығы- 80,1 пайыз;
  - 2) Төлем көзінен ұсталынбайтын кірістен алынатын жеке табыс салығы 100 пайыз;
  - 3) Қызметін біржолғы талондар бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы- 100 пайыз;
  - 4) Төлем көзінен ұсталатын шет ел азаматтарының кірістерінен алынатын жеке та б ы с с а л ы ғ ы – 1 0 0 п а й ы з ;
  - 5) Төлем көзін ұсталынбайтын шетел азаматтарының кірістерінен алынатын жеке

табыс – салығы – 100 пайыз.

б) Әлеуметтік салық - 79,7 пайыз.

*Ескерту: 2 тармаққа өзгертулер енгізілді - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2009 жылғы 10 ақпандағы N 15/100 шешімімен, өзгертулер енгізілді - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 16/107 шешімімен;*

3. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте облыстық бюджеттен мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқыту-әдістемелік кешендер сатып алуға және жеткізуге - 30 000 мың теңге көлемінде ағымдағы мақсатты трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.

3-1. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферттері 100 000 мың теңге сомасында қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

100 000 мың теңге - қолданыстағы газбен жабдықтау желілерін қайта жаңарту мен кеңейтуді жүргізу (3 - кезеңі).

3-2. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің 313 093 мың теңге сомасында қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде:

221 560 мың теңге – жаңадан іске қосылған білім беру мекемелерін ұстауға;

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 49 634 мың теңге, оның ішінде:

16 388 мың теңге - жалпы білім беретін мектептерді химия, физика, биология кабинеттерімен жабдықтауға;

33 246 мың теңге – жалпы орта білім беретін мектептерді мультимедиялық, лингафондық кабинеттерімен жабдықтауға.

Ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің өсуіне байланысты 18 жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге 36 820 мың теңге, оның ішінде:

29 271 мың теңге - мемлекеттік атаулы әлеуметтік жәрдемақы төлеуге;

7 549 мың теңге – аз қамтылған отбасыларынан шыққан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге.

5 079 мың теңге – ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға.

3-3. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен 2 597 722 мың теңге сомасындағы нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

210 682 мың теңге – Теңге селосындағы 280 орындық балабақшаның құрылысына;

371 280 мың теңге – «Ақсу» шағынауданындағы 280 орындық балабақшаның құрылысына;

500 000 мың теңге - «Жұлдыз» шағынауданындағы 1200 орындық орта мектептің құрылысына;

371 280 мың теңге – «Шұғыла» шағынауданындағы туберкулез ауруына шалдыққан балаларға арналған 280 орындық санаториялық үлгідегі балабақша салуға;

371 280 мың теңге – ақыл-есі кем балаларға арналған 280 орындық мамандандырылған кешен салуға;

700 000 мың теңге - бюджеттік ұйымдар қызметкерлеріне және жас отбасыларға арналған 200 пәтерлік тұрғын үй салуға;

73 200 мың теңге - Ақсу шағынауданының шығыс бөлігін электірлендіруге (2-к е з е ң і ) .

*Ескерту: 3 тармаққа толықтырулар енгізілді - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2009 жылғы 10 ақпандағы N 15/100 шешімімен.*

4 . Қ ұ қ ы қ б е р і л с і н :

Ауғанстандағы жауынгерлік іс-әрекеттері үшін интерноционал-қатысушыларға және Чернобыль АЭС апатының зардабын жоюға қатысқандарға біржолғы көмек төлеуге:

Ауғанстан соғысының мүгедектеріне 25 000 теңге көлемінде;

Ауғанстан соғысына қатысқан жауынгерлерге 20 000 теңге көлемінде ;

қаза болған ауған жауынгерлерінің отбасыларына 5000 теңге көлемінде ;

Чернобыль АЭС мүгедектеріне 20 000 мың теңге көлемінде;

Чернобыль АЭС апатына теңестірілген қатысушыларға 10 000 теңге көлемінде.

Ұлы отан соғысы ардагерлеріне жеңіс күніне орай 30 000 теңге көлемінде біржолғы көмек төлеуге.

Тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек, оның ішінде:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

жеңілдіктер мен кепілдіктері жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік

жәрдемақы алушыларға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Ай сайынғы әлеуметтік көмек, оның ішінде:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерге 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктері жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жалғызілікті зейнеткерлерге 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Үйден оқып және тәрбиеленетін бала кезден мүгедек балаларға 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері жеңіс күні мен атаулы күндер құрметіне орай оның ішінде:

Ауғанстанда әскери қимылдарға қатысқан әскери қызметшілерге 20 000 мың теңге көлемінде;

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санттарына 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдары жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдарымен марапатталған адамдарға 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында 6 айдан кем емес жұмыс істегендер (қызмет еткендер) және тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдарымен марапатталмаған адамдарға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз

кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасына 10 000 теңге көлемінде.

Қарттар күніне (1 қазан):  
70 жастан асқан жалғыздікті зейнеткерлерге 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Мүгедектер күніне (қазанның екінші жексенбісі):  
Барлық топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балаларға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Қазақстан Республикасы күніне (25 қазан):  
асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар (балаларға) 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.  
ауылдық (селолық) елді мекендерде және қалалардың әкімшілік бағынысты аумағында орналаспаған поселкелерде жұмыс істейтін мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық және фармацевтика қызметкерлеріне, мемлекеттік қамсыздандыру ұйымдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік мәдениет және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне бір жолғы коммуналдық қызметтерді өтеуге және отындарды сатып алуға 10 000 теңге көлемінде қосымша қаржыландыруға.

5. Қалалардың әкімшілік басқаруындағы аумақтарда орналаспаған ауылдық (селолық) елді мекендерде және поселкелерде жұмыс жасайтын мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының медицина және фармацевтика қызметкерлеріне, әлеуметтік қамтамасыз ету мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлеріне, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлеріне 25 % жоғары жалақы (тарифтік мөлшерлеме) белгіленсін.

6. Қала әкімдігінің резерві 13 000 мың теңге сомасында бекітілсін.

7.2-қосымшаға сәйкес бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған қалалық бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

8. 3-қосымшаға сәйкес қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің бюджеттік бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

9. 4-қосымшаға сәйкес 2009 жылға арналған қалалық бюджеттің атқарылу процесінде секвестерге жатпайтын бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

10. Осы шешім 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Сессия төрағасы Қалалық Мәслихат хатшысы  
Ж.Исабергенов М.Сарыев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы  
Н . Ғ ұ м а р о в а

«15» желтоқсан 2008 жыл.

Қалалық Мәслихаттың 2009 жылғы  
14 сәуірдегі N 16/107 жылғы  
1 қосымша шешіміне

*Ескерту: 1,2,3,4 қосымшалары жаңа редакцияда енгізілді - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2009 жылғы 10 ақпандағы N 15/100 шешімімен, жаңа редакцияда - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 16/107 шешімімен;*  
**2009 жылға арналған қалалық бюджет**

Сан	Сын	Ішкі сын	Ерек	Атауы	Сомасы, мың теңге
				1. КІРІСТЕР	7 929 583
1				САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	4 700 125
	01			Табыс салығы	1 900 924
		2		Жеке табыс салығы	1 900 924
	03			Әлеуметтік салық	1 949 319
		1		Әлеуметтік салық	1 949 319
	04			Меншікке салынатын салықтар	406 421
		1		Мүлікке салынатын салықтар	256 215
		3		Жер салығы	39 767
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	110 435
		5		Бірыңғай жер салығы	4
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	422 670
		2		Акциздер	5 790
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	403 244
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	13 636
	07			Басқа да салықтар	2
		1		Басқа да салықтар	2
	08			Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе	20 789

				лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	
		1		Мемлекеттік баж	20 789
2				САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	32 440
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	7 060
		1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	2 874
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	4 186
	02			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	134
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	134
	03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	3
Сан	Сын	Ішкі сын	Ерек	Атауы	Сомасы, мың теңге
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	3
	04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	24 564
		1		Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	24 564
	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	679
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	679
3				НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	156 203
	03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	156 203
		1		Жерді сату	156 203
4				ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ	3 040 815

02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 040 815
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 040 815

Ф топ	Әкімші	Бағ	Кіші бағ	Атауы	Сомасы, мың теңге
				2. ШЫҒЫНДАР	7 868 883
1				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	136 749
	112			Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	10 257
		001		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	10 257
	122			Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	58 794
		001		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету	58 794
	123			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	13 888
		001		Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету	13 888
	123			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	12 626
		001		Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету	12 626
	452			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	26 352
		001		Қаржы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	12 644
		004		Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	8 208
		011		Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	5 500
	453			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың )экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	14 832
		001		Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	14 832
2				Қорғаныс	5 323
	122			Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	5 323
		005		Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	5 323



3				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	22 890
	458			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	22 890
		021		Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	22 890
4				Білім беру	4 468 662
Ф топ	Әкімші	Бағ	Кіші бағ	Атауы	Сомасы, мың теңге
	123			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	42 607
		004		Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарын қолдау	42 607
	123			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	27 185
		004		Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарын қолдау	27 185
	464			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	2 508 748
		001		Білім беру бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	20 537
		003		Жалпы білім беру	2 038 047
		004		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	3 000
		005		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтармен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	30 000
		006		Балалар үшін қосымша білім беру	94 588
		009		Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	318 388
		099		Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	4 188
	467			Ауданның (облыстық маңызы қаланың) құрылыс бөлімі	1 890 122
		037		Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 890 122
6				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	326 327
	451			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	326 327
		001		Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	24 393
		002		Еңбекпен қамту бағдарламасы	75 099

Ф топ	Әкімші	Бағ	Кіші бағ	Атауы	Сомасы, мың теңге
		004		Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек көрсету	3 100
		005		Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	72 289
		006		Тұрғын үй көмегі	35 504
		007		Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	79 832
		010		Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	3 000
		011		Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	741
		014		Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	7 636
		016		18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	16 847
7				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 034 072
	123			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	17 247
		008		Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	1 516
		009		Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	10 270
		011		Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5 461
	123			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл ( село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	16 190
		008		Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	2 149
		009		Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	8 580
		011		Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5 461
	458			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	426 847
		004		Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	9 500
		015		Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	34 885
		016		Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	123 187

		017		Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқтарды жерлеу	583
		018		Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	258 692
	467			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1 573 788
		003		Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы	865 571
		004		Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру	340 190
		005		Коммуналдық шаруашылығын дамыту	66 100
		006		Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	301 927
8				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	170 715
	455			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	124 574
		001		Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	7 423
		003		Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	102 695
		006		Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	14 367
		099		Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	89
	456			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	32 324
Ф топ	Әкімші	Бағ	Кіші бағ	Атауы	Сомасы, мың теңге
		001		Ішкі саясат бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	10 308
		002		Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу	14 619
		003		Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	7 397
	465			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	13 817
		001		Дене шынықтыру және спорт бөлімі қызметін қамтамасыз ету	3 249
		006		Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3 513
		007		Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	6 253

		099		Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	802
9				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	334 350
	467			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	334 350
		009		Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	334 350
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	6 523
	463			Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	6 523
		001		Жер қатынастары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	6 523
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	61 389
	467			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	6 301
		001		Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	6 301
	468			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	5 088
		001		Қала құрылысы және сәулет бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	5 088
		003		Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	50 000
12				Көлік және коммуникация	256 740
	458			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	256 740
Ф топ	Әкімші	Бағ	Кіші бағ	Атауы	Сомасы, мың теңге
		022		Көлік инфрақұрылымын дамыту	217 500
		023		Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	39 240
13				Басқалар	44 722
	452			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	13 000
		012		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	13 000
	453			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	2 760

		003		Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оған сараптама жүргізу	2 760
	458			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	8 884
		001		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	8 884
	469			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	20 078
		001		Кәсіпкерлік бөлімі қызметін қамтамасыз ету	5 643
		003		Кәсіпкерлік қызметті қолдау	14 435
15				Трансферттер	421
	452			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	421
		006		Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	421
				3. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ БЕРУ	0
Ф топ	Әкімші	Бағ	Кіші бағ	Атауы	Сомасы, мың теңге
				4. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	267 100
				Қаржы активтерін сатып алу	267 100
13				Басқалар	267 100
	452			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	267 100
		014		Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	267 100
				Атауы	Сомасы, мың теңге
				5. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТ)	-206 400
				6. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН (ПРОФИЦИТІН ҚОЛДАНУ) ҚАРЖЫЛАНДЫРУ	206 400

Қалалық Мәслихаттың 2009 жылғы  
10 ақпандағы N 15/100 шешіміне  
2 қосымша

**Бюджеттік бағдарламаларға бөлінген бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған 2009 жылға арналған қалалық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламасының тізбесі**

--	--	--	--	--	--

Ф топ	Әкімші	Бағ	Атауы
			Инвестициялық жобалар
04			Білім беру
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту
		006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту
		019	Тұрғын үй салу және сатып алу
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту
12			Көлік және коммуникация
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту
			Инвестициялық бағдарламалар
13			Басқалар
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

Қалалық Мәслихаттың 2009 жылғы 10 ақпандағы  
 N 15 / 100 шешіміне

3 қосымша

**Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің бюджеттік бағдарламалар тізбесі**

Ф топ	Әкімші	Бағ	Атауы
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты

		001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты
		001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру

Қалалық Мәслихаттың 2009 жылғы  
10 ақпандағы N 15/100 шешіміне  
4 қосымша

**2009 жылғы қалалық бюджеттің атқарылу процесінде секвестерге жатпайтын бюджеттік бағдарламалар тізбесі**

Ф топ	Әкімші	Бағ	Атауы
04			Білім беру
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі
		003	Жалпы білім беру